

Р.Б. АБЛАЕВА <sup>1</sup>✉, Э.Қ. ӨМІРЗАҚ <sup>1</sup>, Ж.Ж. МАНАПБАЕВА <sup>2</sup><sup>1</sup>Халықаралық туризм және қонақжайлылық университеті<sup>2</sup>Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті

✉ e-mail: ablaeva.raihan@iuth.edu.kz

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ГРАММАТИКАСЫ: ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ

**Аңдатпа.** Мақала қазақ және түрік тілдерінің грамматикасын кешенді түрде салыстыруға арналған. Зерттеу барысында қазақ және түрік тілдерінің фонетикалық, грамматикалық және синтаксистік айырмашылықтары мен ұқсастықтары жүйелі сипатталып, нақты мысалдармен дәлелденген. Салыстырмалы зерттеу барысында анықталған екі тілдегі агглютинативті құрылымдар, сөйлемнің базалық тәртіптері және сөз тудыру мен сөз түрлендіру тәсілдері, септік категориялары қазақ және түрік тілдерінің тарихи туыстығын айқындайды. Сонымен бірге, түрік тілінде байқалатын араб-парсы қабатының әсері, тілдегі кей дыбыстардың өзгеруі, одан әрі аналитикалық құрылымдардың жиі қолданысы түрік және қазақ тілдерінің даму жолындағы басты ерекшеліктерді көрсетеді. Мақала авторлары түрік және қазақ тілдерінің тарихи негіздері мен қазіргі кездегі қолданысында кездесетін грамматикалық құбылыстарды салыстыра келе, салыстырмалы зерттеудің түркітану ғылымындағы маңызын ғылыми түрде дәлелдей білген. Зерттеу аясында қол жеткізген ғылыми нәтижелер тілдік жүйелердің ортақ заңдылықтарын айқындауға, қазақ-түрік тілдік қатынастарын терең түсінуге мүмкіндік береді. Аталмыш талдаулар білім беру жүйесінде, аударматануда және түркі тілдерінің құрылымын оқытуда пайдалануға болатын практикалық тұжырымдар ұсынады. Сонымен қатар, түрік және қазақ тілдерінің өзара әсерін, тарихи сабақтастығын және мәдени байланысын тереңірек зерттеп ашуға негіз бола алады. Бұл ғылыми нәтижелер түркі әлеміндегі тілдік үрдістерді терең түсінуге көмектесе отырып, ғылыми жұмыстың құндылығын арттырады және дамуға жаңа бағыт берері сөзсіз.

**Кілт сөздер:** түркі тілдері, агглютинативтік құрылым, тілдік айырмашылықтар, сөзжасам, септік категориялары, тілдік ұқсастықтар, салыстырмалы грамматика.

### Кіріспе

Қазақ және түрік тілдері – түркі тілдер тобының екі тармағына жататын, тарихи жағынан түбірлес әрі құрылымдық жағынан өзара жақын тілдер. Олардың ортақ бастауы көне түркі дәуірінен, нақтырақ айтқанда Орхон-Енисей жазба ескерткіштері кезеңінен бастау алады. Бұл ескерткіштердегі тілдік жүйе, грамматикалық құрылымдар мен түбір сөздер қазіргі қазақ және түрік тілдерінде әртүрлі деңгейде сақталғаны байқалады. Екі тілдің

---

### \* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Аблаева Р.Б., Өмірзақ Э.Қ., Манапбаева Ж.Ж. Қазақ және түрік тілдерінің салыстырмалы грамматикасы: ұқсастықтары мен айырмашылықтары // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №1 (1). – Б. 63-74. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3085.06>

### \*Cite us correctly:

Ablaeva R.B., Omirzaq E.Q., Manapbaeva Zh.Zh. Qazaq zhane turik tilderinin salystyrmaly grammatikasy: uqsastyqtary men ayymashylyqtary [Comparative Grammar of Kazakh and Turkish Languages: Similarities and Differences] // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №1 (1). – B. 63-74. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3085.06>

Мақаланың редакцияға түскен күні 04.02.2026 / қабылданған күні 30.03.2026

генетикалық туыстығы, ең алдымен олардың агглютинативті морфологиялық құрылымнан тұруы, қосымшалардың бірізді жалғануы, сөзжасам жүйесінің ортақ модельдерге негізделуі және дыбыс заңдылықтарының ұқсастығы арқылы анық көрінеді.

Дегенмен, қазақ тілі қыпшақ тобына, ал түрік тілі оғыз тобына жататындықтан, олардың тарихи даму жолы бір арнада өрбіген жоқ. Оған себеп – түркі халықтарының кең географиялық аймаққа таралуы, әр кезеңдегі саяси-этникалық өзгерістер, көрші халықтармен әркелкі қарым-қатынаста болуы. Осы факторлар екі тілдің грамматикалық жүйесінде өзіндік айырмашалықтарының пайда болуына ықпал етті: бірінде кейбір фонетикалық ерекшеліктер сақталса, екіншісінде жаңа синтаксистік құрылымдар қалыптасты; бір тілде кірме элементтер молайса, екіншісінде көне формалар басым болды. Мақаланың мақсаты – қазақ және түрік тілдерінің фонетикалық, грамматикалық және синтаксистік деңгейлеріндегі негізгі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ғылыми негізде салыстыра талдау. Мақалада қазақ және түрік тілдерінің агглютинативті жүйесі, септік категориясы және шақ формалары салыстырылып, практикалық тұрғыдан маңызды тұжырымдар жасалған. Бұл зерттеудің ғылыми жаңалығы қазақ және түрік тілдерінің салыстырмалы грамматикасын сандық және сапалық деректерді біріктіре отырып, жүйелі талдауында көрінеді. Зерттеу септік формаларының қолданылуы мен сөйлем құрылымының (SOV үлгісі) жиілігін нақты статистикалық көрсеткіштер арқылы салыстырады, сонымен қатар қазақ тіліндегі көмектес септік пен түрік тіліндегі “ile” шылауы арқылы берілетін аналогиялық мағынаны салыстырмалы тұрғыда көрсетеді. Сонымен бірге аналитикалық және синтетикалық өткен шақ формаларының қолданылу ерекшеліктері салыстырылып, тілдік тенденциялар нақты анықталған. Мұның нәтижесінде автор тек теориялық негізде қалмай, педагогикалық және практикалық тұрғыда қолдануға болатын нақты тұжырымдар ұсынады, бұл зерттеуді түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы саласындағы маңызды жаңалыққа айналдырады.

Түркі тілдерінің генетикалық бірлігі мен тарихи жіктелуі туралы алғашқы жүйелі пікірлер Кононовтың еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Ол түркі тілдерінің оғыз, қыпшақ, қарлұқ тармақтарына бөлінуін фонетикалық және морфологиялық деректермен дәлелдейді [1]. Бұл жіктеу қазақ тілінің қыпшақ, ал түрік тілінің оғыз тобына жататындығын негіздейді. Түркі филологиясының іргелі мәселелерін С. Аманжолов та жан-жақты зерделеп, түркі тілдерінің тарихи сабақтастығын, грамматикалық категориялардың ерте кезеңдерден бастап қалыптасу жолдарын көрсетеді [2]. С. Аманжолов қазақ және түрік тілдерінің фонетикалық жүйесіндегі ұқсастықтардың түп-төркіні Орхон жазбаларында жатқандығын дәлелдейді.

Йохансон түркі тілдерінің типологиялық бірлігін зерттей отырып, олардың дамуындағы ішкі эволюциялық үрдістерді – дыбыс өзгерістерін, морфемалардың редукциясын, агглютинацияның тұрақтылығын – егжей-тегжей талдайды [3].

Қазақ тіл білімінде грамматикалық мәселелерді кешенді түрде қарастырған еңбектер қатарында Балақаев және Жанпейісов секілді ғалымдардың зерттеулері ерекше орын алады. Олар қазақ тіліндегі агглютинативті құрылымның тұрақтылығын, қосымшалардың мағыналарының жүйелілігін және олардың сөз табына әсерін дәлелді түрде сипаттайды [4; 5].

Сонымен қатар қазақ тіліндегі синтетикалық тәсілдердің белсенділігі, етістік категорияларының бай болуы, көсемше мен есімше формалары арқылы құрмалас сөйлемдердің дамуы туралы еңбектер қазақ тілінің құрылымдық ерекшелігін айқындауға мүмкіндік береді [5]. Бұл мәліметтер түрік тіліндегі синтаксистік жүйемен салыстыру үшін маңызды теориялық база құрайды.

Қазіргі түрік тілінің грамматикасын жүйелі түрде сипаттаған зерттеушілердің бірі – Льюис. Оның «Turkish Grammar» еңбегі түрік тіліндегі шақ, рай, септік, сөз тәртібі, сөз тудыру тәсілдерін нақты мысалдармен түсіндіреді [6]. Автор түрік тіліндегі аналитикалық

конструкциялардың жиілігін атап өтеді, бұл қазақ тілінен негізгі айырмашылықтардың бірі болып табылады.

Түрік синтаксисін зерттеген Корнфилт күрделі сөйлем құрылымдары, тәуелдік жалғауының синтаксистік қызметі, сөз тәртібінің прагматикалық ерекшеліктері жөнінде құнды тың деректер ұсынады [7]. Оның зерттеулері қазақ-түрік салыстырмалы синтаксисінде қолданылатын негізгі еңбектер қатарына жатады.

Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы түркітануда арнайы бағыт ретінде қалыптасқан. Ә. Қайдар қазақ және туыстас елдердің морфологиялық жүйелерін салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын типологиялық тұрғыда анықтайды [8]. Сонымен бірге ол тілдердің дамуындағы этномәдени факторлардың грамматикалық құрылымдарға әсерін көрсетеді.

Йоханссон және Льюис еңбектеріндегі деректерді салыстыра отырып, қазақ және түрік тілдерінің грамматикасындағы параллельдер айқындалады: агглютинативтілік, септік жүйесінің сәйкестігі, сөз тәртібінің үлгісі. Алайда аналитикалық құрылымдардың басымдығы, өткен шақ формаларының түрлілігі, араб-парсы қабатының ықпалы түрік тілін қазақ тілінен айқындап тұрады. Зерттеуші А. Илкер қазақ, қарақалпақ, әзербайжан, түрік тілдерін салыстыра отырып, түрік тілінде араб және батыс тілдерінен енген терминдердің көптігін нақты мысалдар арқылы көрсетеді [9].

Ал қазіргі уақытта тіл білімі саласы «Қазақ тіліндегі синтаксистік тәсілмен жасалған терминдік тіркестер» [10], «Түбі бір түркі терминдері» [11] және т.б., осы тәрізді грамматикалық құрылымдық сипатына қарай талдауға арналған жаңа зерттеулермен толығуда.

Осы еңбектердің барлығы қазақ және түрік тілдерін типологиялық және салыстырмалы тұрғыдан кешенді қарастыруға негіз қалайды.

Жүргізілген әдеби шолу қазақ және түрік тілдерінің грамматикалық құрылымын зерттеу көптеген ғалымдардың еңбектерінде орныққанын көрсетеді. Екі тілдің тарихи тамыры бір болғанымен, олардың әрқайсысы өзіндік эволюциялық жолмен дамыған. Ғалымдардың тұжырымдары салыстырмалы грамматика зерттеулерінің әрі теориялық, әрі практикалық маңызын айқындайды.

Түркі тілдерінің жіктелуі мен грамматикалық жүйесін зерттеуде Александр Кононов, С. Аманжолов, Л. Йохансон, Дж. Льюис, Ж. Корнфилт, Ә. Қайдар еңбектері маңызды теориялық база болып табылады. Аталған зерттеулер қазақ және түрік тілдерінің генетикалық бірлігін, агглютинативті сипатын, септік жүйесінің сәйкестігін, сөз тәртібінің типологиялық ортақтығын дәлелдейді.

Сонымен қатар, кейбір қорытындыларды нақты эмпирикалық және статистикалық деректермен толықтыру қажеттігі байқалады. Осы мақалада бұл мәселе арнайы әдістемелік бөлімде нақтыланып, жиілік көрсеткіштері мен тілдік модельдерге салыстырмалы талдау жасалады.

### **Зерттеу әдістері мен материалдар**

Бұл зерттеу қазақ және түрік тілдерінің салыстырмалы грамматикасын жан-жақты зерттеуге бағытталған. Әдістемелік тұрғыдан, зерттеу бірнеше деңгейде және әртүрлі тәсілдер арқылы жүргізіледі, себебі екі тілдің фонетикасы, морфологиясы, синтаксисі және лексика-грамматикалық ерекшеліктерін салыстыру кешенді тәсілді талап етеді.

Зерттеуде салыстырмалы тарихи әдіс екі тілдің тарихи дамуын, фонетикалық, синтаксистік әрі морфологиялық өзгерістерін айқындау мақсатында пайдаланылды. Себебі, бұл тәсіл қарастырылып отырған қазақ және түрік тілдерінің ортақ түркілік негізі мен олардың тарихи даму барысындағы эволюциялық сабақтастығын зерделеуге көмектеседі.

Типологиялық әдіс тілдердің құрылымдық сипаттарын салыстыра зерттеу негізінде олардың грамматикалық, морфологиялық және синтаксистік типтерін айқындауға

бағытталады. Типологиялық талдау нәтижесінде екі тілдің ортақ белгілері мен өзгешеліктерін жүйелі түрде саралап көрсетуге мүмкіндік туады.

Келесі семантикалық және лексикалық талдау әдісі сөздердің мағынасы мен қолдану аясын салыстыру, кірме сөздер мен тарихи қабаттардың тілдегі әсерін анықтау үшін қолданылды. Бұл әдіс лексикалық және грамматикалық сәйкестіктің деңгейін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу кезінде құжаттық және деректік талдау Орхон-Енисей жазбалары, қазіргі қазақ және түрік тілдеріндегі грамматикалық жүйелер, әдеби мәтіндер және электронды дерекқорларды талдау үшін пайдаланылды. Бұл әдіс тарихи және қазіргі тілдік деректерді салыстыруға негіз болды.

Салыстырмалы синтаксистік талдау екі тілдегі сөйлем құрылымы, бағыныңқы сөйлемдер, модальдық және аспектуалдық категорияларды салыстырмалы қарастыруға қолданылды. Бұл әдіс синтаксистік құрылымдардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ғылыми дәлелдеу үшін қажет.

Бұл әдістемелік негіздеме зерттеуге жүйелі, ғылыми дәлелділікпен әрі салыстырмалы тәсіл арқылы жүргізуіне мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері қазақ және түрік тілдерінің тарихи туыстығы мен грамматикалық құрылымдарын терең түсінуге жол ашады.

Сонымен қатар, зерттеуде функциональдық-грамматикалық әдістер маңызды орын алады. Бұл тәсіл арқылы грамматикалық формалардың сөйлеу барысында атқаратын қызметі, коммуникативті мәні және мәтін ішіндегі қолданыс ерекшеліктері талданады. Қазақ және түрік тілдеріндегі шақ, рай, етіс, септік категорияларының функционалдық ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау тілдердің грамматикалық жүйесін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Прагматикалық талдау әдісі тілдік бірліктердің контекске байланысты мағына өзгерісін, сөйлеуші ниеті мен адресатқа әсер ету ерекшеліктерін салыстыруға бағытталған. Бұл әдіс әсіресе модальдық мағыналарды, сөйлемдегі экспрессивтілік және стилистикалық реңктерді анықтауда тиімді.

Зерттеу барысында алған нәтижелерді жүйелеу үшін индуктивтік және дедуктивтік тәсілдер қолданылады. Нақты тілдік деректерден жалпы қорытынды жасау теориялық қағидаларды жекелеген мысалдар арқылы негіздеу зерттеудің ғылыми дәлелдігін нақтылауға негіз болады.

Сонымен қатар, статистикалық тәсілдерді қолданудың негізінде бірқатар грамматикалық құбылыстардың жиілік көрсеткіші мен пайдалану ауқымдылығы айқындалады. Аталмыш әдіс зерттеу нәтижелерінің нақтылығы мен дейектілігін қамтамасыз етеді. Қолданылған әдістер кешені қазақ және түрік тілдерінің салыстырмалы грамматикасын көпқырлы тұрғыдан талдауға, олардың ортақ және айрықша белгілерін ғылыми негізде көрсетуге мүмкіндік береді.

## **Талдау мен нәтижелер**

### *1. Фонетикалық жүйенің салыстырмалы талдауы*

Қазақ және түрік тілдерінің фонетикалық жүйесі өзара ұқсас әрі типологиялық тұрғыдан туыстас болып келеді. Екі тіл де үндестік заңына, яғни сингорманизмге негізделген. Бұл дауысты дыбыстардың сөз ішінде белгілі бір заңдылықпен өзара үйлесуін білдіреді. Сингорманизм жүйесі сөздердің табиғи ырғақтық құрылымын сақтауға ықпал етеді және қосымшалардың дұрыс жалғануына негіз болады.

Екі тілдің фонетикалық ұқсастықтарына келетін болсақ, қазақ және түрік тілдерінде де дауыстылар жуан және жіңішке болып екіге бөлінеді. Бұл фонетикалық үйлесімділікті білдіреді.

- Қазақ тілінде: *a, ə, o, ø, ы, i, ұ, ү, e;*
- Түрік тілінде: *a, e, ı, i, o, ö, u, ü.*

Сонымен қатар буын үндестігі екі тілде де сақталған. Бұл құбылыс сөздердегі дауыстылардың үндестік принципіне сәйкес таңдалуын көрсетеді. Түрік тілінде кейбір кірме сөздерде буын үндестігі әлсірегенімен, жалпы фонетикалық жүйеде ол негізгі заңдылық әрекет етеді.

Дегенмен, екі тілдің дыбыстық құрамында бірқатар айырмашылықтар бар.

- Қазақ тілінде *қ, ғ, ң* сияқты дыбыстар бар, ал түрік тілінде олардың аналогы ретінде *ğ* дыбысы кездеседі. Алайда түрік тіліндегі *ğ* дыбысы артикуляциялық тұрғыдан әлсіз. Көбіне созылыңқы дауысты ұзарту қызметін атқарады.

- Түрік тілінде *ç, j, ş* сияқты дыбыстар жиі қолданылады. Қазақ тілінде олардың сәйкес келетін формалары – *ч, ж, ш*. Бұл айырмашылықтар сөздердің дыбыстық бейнесін және фонетикалық сәйкестігін өзгертеді.

- Қазақ тілінде дыбыстардың позициялық алмасуы, яғни ассимиляция және диссимиляция үдерістері жиі кездеседі. Мысалы, сөз ішінде дауыссыз дыбыстардың бір-біріне ықпалы арқылы кейбір дыбыстар өзгеруі мүмкін. Түрік тілінде мұндай позициялық өзгерістер әлдеқайда сирек байқалады және фонетикалық жүйе тұрақтылығы жоғары болып келеді.

Сонымен қатар, қазақ тілінде дыбыстардың кейбір ерекшеліктері тарихи эволюцияға байланысты қалыптасқан. Мысалы, үндес дауыстылардың араласуы немесе сөздердің соңындағы дауыссыздардың жұмсару үрдісін атап өтуге болады. Сонымен қатар, К. Семиз атап көрсеткендей, қазақ тіліне енген кірме сөздер қазақ тіліне регрессивті, не болмаса үдемелі дауыс үндестігі негізінде енген [12]. Аталмыш үдерістер түрік тілінде біршама ықшамдалып, жеңіл сипатқа ие болған, ал фонетикалық жүйенің тұрақтылығы мен кірме лексиканың игерілуі айрықша мәнге ие.

Қазақ және түрік тілдерінің дыбыстық сингармонизм заңына негізделгенімен, әр тілдің тарихи даму жолы мен сыртқы ықпалдардың әсерінен өзіндік фонетикалық сипаттары қалыптастқан.

Екі тілдің фонетикалық жүйелерін салыстыра қарастыруда екпін мәселесі айрықша мәнге ие. Қазақ тілінде екпін көбіне сөздің соңғы буынына түсіп, тұрақты сипатымен ерекшеленеді. Бұл құбылыс сөздің морфологиялық құрылымымен тығыз байланысты болып, қосымшаларының жалғануында айқын байқалады. Түрік тілінде де екпін негізінен соңғы буынға түседі. Дегенмен, кейбір грамматикалық тұлғаларда, әсіресе болымсыздық формаларында, сұраулық құрылымдарда және кейбір шылаулар қатысқанда, екпіннің орны ауысуы мүмкін. Мұндай ерекшелік түрік тілінде екпін және интонацияның функционалдық қызметін күшейтеді.

Сондай-ақ, екі тілдегі дыбыстық редукция құбылысы да әртүрлі деңгейде көрініс табады. Қазақ тілінде ауызекі сөйлеу барысында жекелеген дауыстылардың әлсіреуі не қысқаруы байқалса, түрік тілінде дауыстылардың айқын әрі толық айтылуы басым. Бұл, ең алдымен, түрік тіліндегі орфоэпиялық нормалардың қатаң сақталуымен байланысты.

Фонетика жүйесіндегі ұқсастықтарды айқындау тілдер арасындағы тарихи сабақтастықты анықтауға мүмкіндік береді. Ортақ түркі түбірлеріндегі дыбыстық параллельдер мен алмасулар қазақ және түрік тілдерінің негіздерінің бірі екенін дәлелдейді. Осы ретте, тілдердің фонетикалық жүйесін салыстырмалы зерттеу олардың туыстығын ғана емес, сонымен бірге әрқайсысының дербес даму бағытын да ғылыми негізде сипаттауға жағдай жасайды.

## *2. Морфологиялық ұқсастықтар мен ерекшеліктер*

Қазақ және түрік тілдері – агглютинативті тілдер, яғни сөздердің грамматикалық мағыналары қосымшалар арқылы белгіленеді. Бұл морфологиялық ерекшелік екі тілде де өте айқын көрінеді, әрі олардың грамматикалық құрылымдарының туыстас екенін көрсетеді. Алайда, тарихи даму барысында әр тіл өзіне тән ерекшеліктерді қалыптастырады.

### *2.1 Жалғалмалы тіл сипаты*

Екі тілде де сөздерге грамматикалық қосымшалар ретімен жалғанады және әр қосымша сөздерге нақты мағына береді. Мысалы:

- Қазақша: *бар-а-мыз* (бар+жұрнақ+жалғау)
- Түрікше: *git-ce-ğiz* (етістік түбір+келер шақ+ші көптік жіктік жалғау).

Бұл мысалдар екі тілдің морфологиялық құрылымындағы тәртіп пен логиканың ұқсастығын көрсетеді. Сонымен қатар, әр қосымшаның орны мен қызметі тұрақты болып, сөздердің мағынасы өзгереді.

### 2.2. Зат есімнің септелуі

Қазақ және түрік тілдерінде зат есімнің септелуі – екі тілдің де морфологиялық жүйесіндегі ең маңызды әрі ортақ категориялардың бірі. Екі тіл де агглютинативті тілдер қатарына жатқандықтан, грамматикалық мағыналар негізінен сөз түбіріне жалғанатын қосымшалар арқылы беріледі. Қазақ және түрік тілдерінде атау, ілік, барыс, табыс, жатыс және шығыс септіктері бар және олардың тұлғалық құрылымы мен қызметі бір-біріне өте жақын. Мысалы, *kıman – kitap, kımanның – kitabın, kımanқа – kitaba, kımanты – kitabı, kımanта – kitapta, kımanтан – kitaptan* тұлғалары екі тілдің ортақ тарихи негізін және грамматикалық жүйесінің сабақтастығын көрсетеді. Бұл сәйкестіктер түрік тілдеріне тән септік жүйенің сақталғандығын дәлелдейді.

Сонымен бірге айырмашылықтары да байқалады. Қазақ тілінде көмектес септік дербес септік ретінде қарастырылып, *-мен/-бен/-пен* жалғаулары арқылы беріледі (*қаламмен, поезбен, досымен, доппен*). Ал түрік тілінде мұндай мағына септік ретінде емес, аналитикалық жолмен *ile* шылауы арқылы немесе оның ықшамдалған *-le/-la* формасы арқылы беріледі (*kalem ile, kalemle*). Тағы бір айырмашылық көптік жалғауының қолданысына қатысты. Түрік тілінде *-ler/-lar* көптік жалғауы заттың көп екенін білдіру үшін міндетті түрде қолданылады, ал қазақ тілінде көптік мағына кейде жалғаусыз, тек контекст арқылы да жеткізіле алады. Бұл ерекшелік қазақ тіліндегі мағыналық икемділікті көрсетеді.

Сонымен қатар, екі тілде де қосымшалардың варианттылығы сингармонизм заңына тікелей байланысты. Қазақ тілінде қосымшалар жуан-жіңішке, еріндік-езулік дауыстыларға қарай бірнеше нұсқада қолданылады. Мысалы, көптік жалғауының *-лар/-лер*, септік жалғауларының *-ға/-ге/-та/-те* сияқты формалары түбірдің фонетикалық сипатына тәуелді. Түрік тілінде де дәл осындай заңдылық сақталған: *-lar/-ler, -da/-de, -dan/-den* тұлғалары үндестік принципі бойынша таңдалады. Бұл құбылыс екі тілдің морфологиялық жүйесіндегі үйлесімділік пен ішкі заңдылықтардың ортақтығын көрсетеді.

Етістік жүйесі де агглютинативті сипатты айқын дәлелдейді. Қазақ және түрік тілдерінде етістіктің шақ, рай, болымдық-болымсыздық, жақ категориялары қосымшалар арқылы беріледі және олардың жалғану тәртібі ұқсас. Мысалы, болымсыздық қосымшасы екі тілде де шақ көрсеткіштерінен бұрын орналасады: *бар-ма-дым – git-me-di-m*. Бұл ортақ морфологиялық модель түркі тілдеріне тән құрылымдық бірлікті танытады.

Сонымен бірге, тәуелдік категориясы да екі тілде бірдей қызмет атқарады. Зат есімге жалғанатын тәуелдік жалғаулары арқылы меншіктілік мағына беріледі: *kıman-ым – kitab-ım, үй-i – ev-i*. Тұлғалық айырмашылықтар болғанымен, мағыналы және грамматикалық қызметі бірдей.

Осылайша, қазақ және түрік тілдерінің морфологиялық құрылымы агглютинативті жүйеге негізделіп, көптеген ортақ белгілерді сақтаған. Айырмашылықтар тілдердің дербес даму жолына байланысты қалыптасқанымен де олардың негізгі грамматикалық принциптері мен категорияларының бірлігі түркі тілдеріне тән ортақ мұраның жалғастығын дәлелдейді.

### 2.3. Етістіктің шақ жүйесі

Екі тілде де етістіктің шақ категориясы негізгі грамматикалық жүйелердің бірі болып табылады және шақ формалары қосымшалар арқылы жасалады. Қазақ және түрік тілдерінде осы шақ, өткен шақ және келер шақ сияқты негізгі шақтар ортақ болып келеді. Алайда түрік тілінде шақ жүйесінің ішкі жіктелуі анағұрлым күрделі. Мысалы, түрік тілінде *geniş zaman*

(ауыспалы осы шақ) және *şimdiki zaman* (нақ осы шақ) нақты ажыратылады. Қазақ тілінде мұндай айырмашылық арнайы грамматикалық форма арқылы бөлінбейді, көбінесе мағына контекст арқылы анықталады.

Өткен шақ формалары да екі тілде әртүрлі екі бағытта дамыған. Түрік тілінде өткен шақтың бірнеше формасы бар: *geldi* (нақты өткен шақ), *gelmiş* (көрінбеген өткен шақ), *geliyordu*, *geliyormuş* сияқты формалар шақпен қатар модальдық және аспектуалдық мағыналарды да білдіреді. Қазақ тілінде өткен шақ формалары көбінесе аналитикалық тәсілмен беріледі: *келді, келген, келетін, келіп жүрді*. Мұнда көмекші етістіктердің қызметі ерекше, олар әрекеттің ұзақтығын, қайталануын және аяқталуын нақтылауға мүмкіндік береді [13] (1-кесте).

### 1-кесте – Өткен шақ формаларының қолданылу жиілігі

(200 сөйлемдік салыстырмалы корпус негізінде)

Тіл	Синтетикалық форма (%)	Аналитикалық форма (%)	Барлығы
Қазақ тілі	62%	38%	100%
Түрік тілі	81%	19%	100%

Талдау нәтижелері қазақ тілінде аналитикалық өткен шақ формаларының (келіп еді, келіп жүрді, келген болатын) салыстырмалы түрде жиірек қолданылатынын көрсетеді, ал түрік тілінде синтетикалық формалар (*geldi, gelmiş*) басымдыққа ие. Бұл сандық деректер қазақ тіліндегі аналитикалық даму тенденциясының түрік тілімен салыстырғанда біршама жоғары екенін дәлелдейді.

#### 2.4 Етіс категориясы және морфологиялық ерекшеліктер

Қазақ және түрік тілдерінде етіс категориясының негізгі түрлері толық сақталған. Олар өздік, ырықсыз, өзгелік және ортақ етістер. Қазақ тілінде ырықсыз етіс формалары өте кең қолданылады және ресми, ғылыми стильде жиі кездеседі (айтылды, жасалды, жазылды). Түрік тілінде де пассив формасы бар (*yazıldı*), алайда кей жағдайда сөйлемді белсенді түрде құру жиірек қолданылады. Мысалы, қазақ тілінде Ол хатты жазды – Хат жазылды деп екі нұсқа тең дәрежеде қолданылса, түрік тілінде де *O mektubu yazdı* – *Mektup yazıldı* үлгілері бар, бірақ белсенді құрылым жиі сақталады. Бұл айырмашылықтар екі тілдің синтаксистік талғамын көрсетеді.

2-кестеде 150 зат есімдік қолданыс негізінде қазақ және түрік тілдеріндегі септік формаларының мәтіндік жиілік көрсеткіштері берілген. Кесте деректері екі тілдегі септік жүйесінің құрылымдық ұқсастығын статистикалық тұрғыдан айқындайды: атау, ілік, барыс, табыс, жатыс және шығыс септіктерінің қолданылу үлесі өзара жақын. Сонымен қатар, қазақ тілінде көмектес септік дербес грамматикалық категория ретінде көрінсе, түрік тілінде бұл мағына көбіне *ile* шылауы арқылы аналитикалық тәсілмен берілетіні байқалады, бұл екі тілдің морфологиялық және аналитикалық даму бағыттарындағы айырмашылықты көрсетеді (2-кесте).

### 2-кесте – Септік формаларының мәтіндегі жиілік көрсеткіші

(150 зат есімдік қолданыс негізінде)

Септік түрі	Қазақ тілі (%)	Түрік тілі (%)
Атау	28%	31%
Ілік	14%	16%
Барыс	17%	15%
Табыс	19%	18%
Жатыс	12%	11%
Шығыс	7%	6%
Көмектес	3%	- (ile)

Қазақ тілінде көмектес септік дербес грамматикалық категория ретінде танылады және арнайы қосымшалар арқылы беріледі, ал түрік тілінде осы мағына көбіне *ile* шылауының көмегімен аналитикалық тәсіл арқылы жасалады. Жалпы алғанда, септік жүйесінің негізгі түрлері мен олардың қолданылу жиілігі екі тілде де өзара жақын болып, құрылымдық сәйкестік статистикалық деңгейде айқын көрінеді.

Жалпы алғанда, қазақ және түрік тілдерінің морфологиялық жүйелері бір-біріне өте жақын. Септік жүйесі, шақ категориялары және етіс түрлері ортақ түркілік негізге сүйенеді. Алайда, тарихи даму жолындағы ерекшеліктер, аналитикалық конструкциялардың қолдану деңгейі және тілдік ықшамдалу үрдістері екі тілдің өзіндік даралығын қалыптастырды.

### 3. Синтаксис

Синтаксистік тұрғыдан қазақ және түрік тілдері көптеген ортақ белгілерге ие. Екі тілде де негізгі сөйлем құрылымы SOV (бастауыш+толықтауыш+баяндауыш) үлгісіне негізделеді: *Мен кітапты оқыдым / Ben kitabı okudum*. Бұл құрылым агглютинативті морфологиямен тығыз байланысты. Дегенмен түрік тілінде аналитикалық құрылымдардың үлесі жоғары. Мысалы, *Kitabı okumuş olacağım* сияқты конструкциялар бір сөйлем ішінде күрделі мағынаны білдіре алады. Қазақ тілінде мұндай мағына көбіне көмекші етістіктер арқылы немесе күрделі сөйлем түрінде беріледі (Мен оны оқып болып кетемін).

Күрделі және бағыныңқы сөйлемдерде де ұқсастық сақталғанымен, айырмашылықтар бар. Түрік тілінде бағыныңқы сөйлемдер жиі қысқартылып, *-di/-miş* сияқты қосымшалар арқылы беріледі, ал қазақ тілінде бағыныңқы құрылымдарда жұрнақтар мен көмекші етістіктер кеңінен қолданылады. Модальдық және аспектуалдық мағыналар да екі тілде әртүрлі жолмен беріледі: түрік тілінде қысқа қосымшалар басым болса, қазақ тілінде аналитикалық тәсіл жиі кездеседі.

Сөйлемнің құрылымдық тұрғысынан, қазақ тілінде сөздердің орын тәртібі салыстырмалы түрде еркін, өйткені грамматикалық қатынастар көбіне қосымшалар арқылы белгіленеді. Түрік тілінде де сөз тәртібі SOV үлгісін сақтаса да, аналитикалық құрылымдардың артуымен кейде сөздердің орын тәртібі нақтыланған, сөйлемдегі мағына байланыстары қосымша құралдар арқылы беріледі.

3-кестеде қазақ және түрік тілдеріндегі сөйлем құрылымының (SOV моделі) қолданылу жиілігі сандық деректер негізінде көрсетілген. Кесте нәтижелері екі тілде де бастауыш–толықтауыш–баяндауыш (SOV) үлгісінің басым екенін дәлелдейді: қазақ тілінде бұл модель 87%, ал түрік тілінде 91% көрсеткішке ие. Басқа құрылымдық үлгілердің үлесі салыстырмалы түрде төмен. Аталған статистикалық мәліметтер екі тілдің синтаксистік жүйесіндегі типологиялық ортақтықты және баяндауыштың сөйлем соңында орналасу заңдылығының тұрақтылығын сандық тұрғыдан айқындайды.

### 3-кесте – Сөйлем құрылымы (SOV моделі) қолданылуы

Тіл	SOV үлгісі	Басқа үлгілер
Қазақ тілі	87%	13%
Түрік тілі	91%	9%

Сандық көрсеткіштер екі тілде де SOV моделінің негізгі синтаксистік құрылым ретінде тұрақты әрі басым қолданылатынын дәлелдейді.

Қазақ және түрік тілдеріндегі синтаксистік жүйелер бір-бірімен туыстық байланыста болса да, әр тілдің жеке даму жолына байланысты кейбір айырмашылықтар қалыптасқан. Қазақ тілінде синтаксистік құрылым көбіне морфологиялық формалар арқылы беріледі, ал түрік тілінде аналитикалық құрылымдардың үлесі жоғары. Дегенмен, екі тілде де сөйлемнің негізгі құрылымы, бағыныңқы сөйлемдер, модальдық және аспектуалдық категориялар салыстырмалы түрде ұқсас болып келеді.

### 4. Лексика-грамматикалық ұқсастықтар

Қазақ және түрік тілдерінің лексикалық құрылымы түпкі негізде ортақ болып келеді. Бұл тілдерде көптеген сөздердің түбірлері бір-біріне ұқсас және тарихи тамырлары ортақ. Мысалы:

қазақша *бас* – түрікше *baş*;  
қазақша *қол* – түрікше *kol*;  
қазақша *су* – түрікше *su*;  
қазақша *жылқы* – түрікше *ülki*.

Аталған сөздер екі тілдің тарихи туыстығын және морфологиялық құрылымдағы ұқсастықтарды көрсетеді. Дегенмен, лексикалық сәйкестік грамматикалық сәйкестіктен әркелкі тараған, яғни барлық сөздерде бірдей параллельділік байқалмайды.

Қазақ және түрік тілдерінің лексика-грамматикалық айырмашылықтары мынадай: түрік тілінде араб-парсы тілдерінен кірген кірме сөздер көп, мысалы, *kitap* (кітап), *kalp* (жүрек), *sabır* (сабыр), ал қазақ тілінде бұл сөздер аздап түрленіп, фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктерге бейімделіп, кітап, жүрек, сабыр түрінде қолданылады. Бұл екі тілдің сыртқы әсерге бейімделу деңгейінің әртүрлі екендігін көрсетеді. Сонымен қатар, қазақ тілінде тарихи тұрғыдан монғол тілінен енген *найза*, *бөрене*, *табын* сияқты сөздер бар, ал түрік тілінде мұндай қабаттың болмауы қазақ тілінің кең географиялық аймақта дамып, көрші халықтармен тығыз қарым-қатынаста қалыптасқанын дәлелдейді. Бұған қоса, кейбір ортақ түбірлердің мағынасы екі тілде әртүрлі бағытта дамыған, мысалы, қазақ тіліндегі *үй* тұрғын үйді білдірсе, түрік тіліндегі *ev* кейде шағын қора мағынасында қолданылып, семантикалық айырмашылықты аңғартады.

Сонымен бірге, екі тілдегі лексикалық қабаттың дамуына қоғамдық-мәдени факторлар да елеулі әсер етті. Түрік тілінде осман кезеңінде қалыптасқан әкімшілік, діни және әдеби терминдер кеңінен сақталған болса, қазақ тілінде көшпелі өмір салтына, мал шаруашылығына және дәстүрлі тұрмысқа қатысты атаулар басым келеді. Мысалы, қазақ тіліндегі *жайлау*, *қыстау*, *көш*, *қоныс* сияқты сөздер ұлттық дүниетанымды айқын бейнелейді. Ал түрік тілінде *şehir*, *devlet*, *millet* тәрізді қоғамдық-саяси ұғымдарды білдіретін лексика ертерек орныққан. Бұл ерекшеліктер лексикалық құрамдағы айырмашылықтардың тек тілдік емес, тарихи-әлеуметтік себептерге де негізделетінін көрсетеді.

#### *Қазақ және түрік тілдерінің тарихи грамматикасы*

Қазақ және түрік тілдері бір көне түркілік негізден тарағанымен, тарихи даму барысында әртүрлі бағытта қалыптасып, өзіндік грамматикалық ерекшеліктерге ие болды. Бұл жағдай екі тілдің генетикалық туыстығын сақтай отырып, олардың жеке-дара эволюциясын айқын көрсетеді. Тарихи тұрғыдан алғанда, қазақ тілі қыпшақ тобына, түрік тілі оғыз тобына жатады. Мұндай топтық бөліну тарихи, географиялық және саяси факторлардың әсерінен пайда болып, қазіргі тілдік жүйенің қалыптасуына тікелей ықпал етті.

Тарихи дамудың маңызды салдарының бірі – фонетикалық айырмашылықтар. Екі тілде де фонетикалық дыбыстық жүйе әртүрлі өзгерістерге ұшыраған. Мысалы, *й/ж* алмасуы, *ш/с* өзгерістері және *д/й* сәйкестіктері жиі кездеседі. Бұл ерекшеліктер кейбір ортақ түбірлі сөздердің дыбыстық тұрғыдан алшақтауына себеп болды екі тіл арасындағы фонетикалық сәйкестікті белгілі бір деңгейде әлсіретті.

Сонымен қатар, қосымшалардың тарихи формалары да әртүрлі дамыды. Қазақ тілінде көптеген қосымшалар көне түркілік қалпын сақтаған болса, түрік тілінде олар ықшамдалып, кейде жаңа морфологиялық құрылымдармен толықты. Мысалы, қазақ тіліндегі өткен шақтың *-ған/-ген* формасы кең қолданысқа ие, ал түрік тілінде *-du/-di/-du/-dü* формасы негізгі қызмет атқарып, кей жағдайларда аналитикалық конструкциялармен бірге қолданылды.

Синтаксистік тұрғыдан алғанда, қазақ тілінде синтаксистік тәсіл басым болып, грамматикалық қатынастар көбіне қосымшалар арқылы беріледі, ал түрік тілінде тарихи

эволюция нәтижесінде аналитикалық құрылымдар арта түскен. Осы ерекшеліктер қазақ және түрік тілдерінің тарихи грамматикасының өзіндік сипатын айқындайды.

### Қорытынды

Қазақ және түрік тілдерінің грамматикалық жүйесі көптеген деңгейде өзара ұқсас болып келеді. Бұл ұқсастық олардың ортақ көне түркі тілі негізінен тарағанын айқын дәлелдейді. Екі тіл де агглютинативті құрылымға ие, яғни грамматикалық мағыналар сөз түбіріне бірізді жалғанатын қосымшалар арқылы беріледі. Морфология деңгейінде септік жүйесінің, көптік және тәуелдік жалғауларының, сондай-ақ етістіктің рай, шақ және етіс категорияларының ортақтығы байқалады. Синтаксистік тұрғыдан алғанда да қазақ және түрік тілдерінде сөйлемнің негізгі құрылымы SOV үлгісіне негізделіп, баяндауыштың сөйлемнің соңында орналасуы ортақ заңдылық болып табылады.

Фонетикалық деңгейде де екі тіл арасында параллельдер кездеседі. Дауысты дыбыстардың үндестік заңы, буын жігінің сақталуы, дыбыстардың бірізді тіркесуі түркі тілдеріне тән ортақ белгілер ретінде көрінеді. Сонымен қатар, етістіктің шақ жүйесінде де ұқсастық бар: осы шақ, өткен шақ және келер шақ формалары екі тілде де негізгі грамматикалық категориялар ретінде қалыптасқан.

Қазақ тілінде аналитикалық өткен шақ формалары (келіп еді, келіп жүрді, келген болатын) салыстырмалы түрде жиірек қолданылатыны, ал түрік тілінде синтетикалық формалардың (geldi, gelmiş) басым екені 150 зат есімдік және 100 сөйлемдік үлгі негізінде дәлелденді. Сонымен қатар, септік категорияларының құрылымдық сәйкестігі 2-кестеде көрсетілген жиіліктермен, ал сөйлемнің негізгі SOV құрылымы 3-кестеде көрсетілгендей 87–91% деңгейінде анықталды. Бұл деректер екі тілдің грамматикалық жүйесі арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды нақты сандық тұрғыдан көрсетіп, салыстырмалы грамматикадағы авторлық тұжырымдарды нығайтады.

Дегенмен бірнеше ғасырлар бойы бөлек тарихи, геофикалық және әлеуметтік жағдайларда дамуы нәтижесінде екі тіл өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Қазақ тілінде қыпшақтық дыбыстық белгілер сақталса, түрік тілінде оғыз тобына тән дыбыстық өзгерістер басым. Араб-парсы тілдерінің әсері түрік тілінде күштірек байқалады, ал қазақ тілінде бұл әсер салыстырмалы түрде шектеулі. Сондай-ақ синтаксистік конструкциялардың қалыптасуы мен кейбір шақ-рай категорияларының дамуы әртүрлі бағытта өрбиді.

Қорыта айтқанда, қазақ және түрік тілдерінің салыстырмалы грамматикасын зерттеу бұл екі халықтың мәдени және тарихи сабақтастығын тереңірек тануға жол ашады. Аталған бағытталған зерттеулер тілдердің тек құрылымдық болмысын ғана емес, сонымен бірге күллі түркі дүниесіне ортақ рухани құндылықтар мен мұраны анықтауға мүмкіндік береді.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – М.: Наука, 1956. – 398 с.
2. Аманжолов С. Түркі филологиясына кіріспе. – Алматы: Санат, 1996. – 127 б.
3. Johanson L. The Turkic languages. – London: Routledge, 1998. – 567 p.
4. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Білім, 2006. – 239 б.
5. Жанпейісов Е. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы: Білім, 2010. – 352 б.
6. Lewis G. Turkish Grammar. – 2nd Edition. – Oxford: Oxford University Press, 2000. – 638 p.
7. Konfilt J. Turkish Syntax. – London: Routledge, 1997. – 462 p.
8. Қайдар Ә. Түркі тануға кіріспе. – Алматы: Дайк-Пресс, 2003. – 286 б.
9. İlker A. Türk Dünyasında terim çalışmaları // Avrasya Terim Dergisi. – 2023. – №11(3). – S. 139-142.
10. Абдикарим Н., Махсут О., Ыскак Б. Қазақ тіліндегі синтаксистік тәсілмен жасалған терминдік тіркестер (жасанды интеллект саласының терминдері негізінде) // Tiltanym. – 2023. – №2(90). – Б. 3-13.

11. Мамаева Г. Түбі бір түркі терминдері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2019. – №3 (128). – Б. 129-136.
12. Semiz K., İbragimov Zh. Kazakh Türkçesi Güney Bölgesi Ağzında Ses Olayları // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №1(135). – Б. 57–72. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.145>
13. Ерғали С., Құрманбайұлы Ш. Қазақ және түрік тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 327 б.

## REFERENCES

1. Kononov A.N. Grammatika sovremennogo tureckogo literaturnogo iazyka [Grammar of modern Turkish literary language]. – M.: Nauka, 1956. – 398 s. [in Russian]
2. Amanzholov S. Turki filologiasyna kirispe [Introduction to Turkic Philology]. – Almaty: Sanat, 1996. – 127 b. [in Kazakh]
3. Johanson L. The Turkic languages. – London: Routledge, 1998. – 567 p.
4. Balaqaev M. Qazirgi qazaq tili [Modern Kazakh language]. – Almaty: Bilim, 2006. – 239 b. [in Kazakh]
5. Zhanpeiisov E. Qazaq tilinin grammatikasy [Modern Kazakh language]. – Almaty: Bilim, 2010. – 352 b. [in Kazakh]
6. Lewis G. Turkish Grammar. 2nd Edition. – Oxford: Oxford University Press, 2000. – 638 p.
7. Konfilt J. Turkish Syntax. – London: Routledge, 1997. – 462 p.
8. Qaidar A. Turki tanuga kirispe [Introduction to Turkic Studies]. – Almaty: Daik-Press, 2003. – 286 b. [in Kazakh]
9. İlker A. Türk Dünyasında terim çalışmaları [Term Studies in the Turkish World] // Avrasya Terim Dergisi. – 2023. – №11(3). – S. 139-142. [in Turkish]
10. Abdikarim N., Mahsut O., Yskak B. Qazaq tilindegi sintaksistik tasilmen zhasalghan termindik tirkester (zhasandy intellekt salasynyn terminderi negizinde) [Syntactic expressions in the Kazakh language (based on the terms of the field of artificial intelligence)] // Tiltanym. – 2023. – №2(90). – B. 3-13. [in Kazakh]
11. Mamayeva G. Tubi bir turki terminderi [Turkic terms] // Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology series. – 2019. – №3 (128). – B. 129-136. [in Kazakh]
12. Semiz K., İbragimov Zh. Kazakh Türkçesi Güney Bölgesi Ağzında Ses Olayları [Sound Events in the Southern Region of Kazakh Turkish Dialect] // Iasaui universitetinin habarshysy. – 2025. – №1(135). – B. 57–72. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.145> [in Turkish]
13. Ergali S., Qurmanbaiuly Sh. Qazaq jane turik tilderinin salystyrmaly gramatikasy. – Almaty: Qazaq universiteti, 2015. – 327 b. [in Kazakh]

## Comparative Grammar of Kazakh and Turkish Languages: Similarities and Differences

**Abstract.** The article is devoted to a comprehensive comparison of the grammar of Kazakh and Turkish languages. Phonetic, grammatical and syntactic differences and similarities between the Kazakh and Turkish languages are systematically described and proved using concrete examples. Agglutinative structures, basic sentence orders and methods of word formation and word transformation, case categories of the two languages, identified in the course of a comparative study, determine the historical relationship of the Kazakh and Turkish languages. At the same time, the influence of the Arabic-Persian layer observed in the Turkish language, the change of some sounds in the language, as well as the frequent use of analytical structures indicate key features in the development of the Turkish and Kazakh languages. The authors of the article have proved the importance of comparative studies in Turkic studies by comparing historical foundations. The scientific results achieved in the framework of the study allow us to identify common patterns of language systems, to deeply understand Turkish and Kazakh languages relations. These analyses provide practical conclusions that can be used in the education system, in translation studies and teaching the structure of the Turkish languages. At the same time, it can become the basis for a deeper study and disclosure of mutual influence, historical continuity in cultural ties between the Turkish and Kazakh languages. These scientific results help to better understand the linguistic trends in the Turkic world, increase the value of scientific work and undoubtedly give a new impetus to development.

**Keywords:** Turkic languages, agglutinative structure, linguistic differences of word formation, case categories, linguistic similarities, comparative grammar.

### Сравнительная грамматика казахского и турецкого языка: сходства и различия

**Аннотация.** Статья посвящена комплексному сопоставлению грамматики казахского и турецкого языков. Фонетические, грамматические и синтаксические различия и сходства казахского и турецкого языков системно описываются и доказываются на конкретных примерах. Агглютинативные структуры, базовые структуры предложений и способы словообразования и преобразования слов, падежные категории двух языков, выявленные в ходе сравнительного исследования, определяют историческое родство казахского и турецкого языков. В то же время влияние арабо-персидского слоя, наблюдаемое в турецком языке, изменение некоторых звуков в языке, а также частое использование аналитических структур указывают на ключевые особенности в развитии турецкого и казахского языков. Авторы статьи научно доказали значение сравнительного исследования в тюркологии, сравнив исторические основы турецкого и казахского языка, а также рассмотрели некоторые грамматические особенности, встречающиеся в современном использовании. Достиженные в рамках исследования научные результаты позволяют выявить общие закономерности языковых систем, глубже понять казахско-турецкие языковые соотношения. Выявленные в процессе исследования сравнительные анализы сформировали практические выводы, которые можно использовать в системе образования, в переводоведении и преподавании структуры тюркских языков. Вместе с тем, полученные в ходе научного исследования результаты могут стать основой для более глубокого изучения и раскрытия языкового взаимовлияния, исторической преемственности в культурных связях между турецким и казахским языками. Эти научные результаты помогают глубже понять языковые тенденции в тюркском мире, повышают ценность научной работы и несомненно дают новое направление языковому развитию.

**Ключевые слова:** тюркские языки, агглютинативная структура, языковые различия, словообразование, падежные категории, языковые сходства, сравнительная грамматика.

#### Авторлар туралы мәлімет

**Аблаева Р.Б.** – корреспондент-автор, аға оқытушы, Халықаралық туризм және қонақжайлылық университеті, e-mail: ablaeva.raihan@iuth.edu.kz, Қазақстан, Түркістан қ.

**Өмірзақ Э.Қ.** – аға оқытушы, Халықаралық туризм және қонақжайлылық университеті, e-mail: omirzaq.elmira@iuth.edu.kz, Қазақстан, Түркістан қ.

**Манапбаева Ж.Ж.** – PhD, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің қауымдастырылған профессоры, e-mail: zh.manapbayeva@iitu.edu.kz, Қазақстан, Алматы қ.

#### Information about the authors

**Ablaeva R.B.** – The Corresponding Author, Senior Lecturer, International University of Tourism and Hospitality, e-mail: ablaeva.raihan@iuth.edu.kz, Kazakhstan, Turkistan.

**Omirzak E.K.** – Senior Lecturer, International University of Tourism and Hospitality, e-mail: omirzaq.elmira@iuth.edu.kz, Kazakhstan, Turkistan.

**Manapbayeva Zh.Zh.** – PhD, Associate Professor of International Information Technology University, e-mail: zh.manapbayeva@iitu.edu.kz, Kazakhstan, Almaty.

#### Сведения об авторах

**Аблаева Р.Б.** – автор-корреспондент, старший преподаватель, Международный университет туризма и гостеприимства, e-mail: ablaeva.raihan@iuth.edu.kz, Казахстан, г. Туркестан.

**Омирзақ Э.К.** – старший преподаватель, Международный университет туризма и гостеприимства, e-mail: omirzaq.elmira@iuth.edu.kz, Казахстан, г. Туркестан.

**Манапбаева Ж.Ж.** – PhD, ассоциированный профессор Международного университета информационных технологий, e-mail: zh.manapbayeva@iitu.edu.kz, Казахстан, г. Алматы.